

УДК 327

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2024.56.2.012>

МРНТИ 11.25.40

РЕСЕЙ-УКРАИН СОҒЫСЫ: МЕДИАЦИЯ МҮМКІНДІТЕРІ МЕН ТӘУЕКЕЛДЕР

* Райымбекова А.А. ¹

*¹ Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: rayymbekova.a@ablaikhan.kz

Аңдатпа. Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі медиациялық қызмет мәселелері қазіргі әлемдік саясаттың өзекті мәселесі болып табылады. Көптеген халықаралық даулар мен қақтығыстар бітімгерлік қызмет пен медиацияның арқасында қанды сценарийлерге ұласпай, бейбіт келісімдермен шешілді. Бірақ әлемдегі болып жатқан қазіргі қақтығыстардың күрделілігі және халықаралық құқықтың жалпы қабылданған нормаларының жиі бұзылуы медиация қызметі тетіктерін қайта қарастыру керектігін айқындайды.

Бұл мақалада автор Украинадағы жағдайды реттеуге медиатор рөліне үміткер елдердің қатысу сценарийлерін модельдеуді қарастыруға тырысады. Украинада бейбітшілік орнату мәселесі күрделі, себебі медиацияның барлық нормалары өз ресурстарын жұмсады, дегенмен жағдайға ықпал ете алатын бірқатар елдер бар. Мақаланың негізгі мақсаты қақтығысушы тараптар арасындағы диалог орнату процесінде шешуші рөл атқаруға тырысатын бірқатар елдердің мүмкіндіктерін мен мүдделерін қарастыру болып табылады. Сонымен қатар мақалада ұсынылған зерттеу қазіргі заманғы сын-қатерлер мен өзгеріп жатқан жаһандық динамика контекстіндегі халықаралық бітімгершілікке бағытталған. Жұмыста халықаралық қатынастардың тарихи деректері мен заманауи шындықтарына сүйене отырып, бітімгершіліктің әртүрлі аспектілері мен тәсілдері қарастырылады.

Тірек сөздер: медиация, келіссөздер, соғыс, Украина, Ресей, халықаралық қауымдастық, халықаралық қатынастар, Қазақстан

Негізгі ережелер

Бүгінде әлем өте қауіпті кезеңге аяқ басты, әлемдік қоғамдастықтың қанды сценарийді болдырмауға деген барлық ұмтылыстары нәтижесіз болды. Батыс демократиясының Ресеймен қақтығысы ең жоғары шиеленісу кезеңіне өтті. Әлемдік жүйенің күйреуі мүмкін. Ресейдің Украинаға қарсы агрессиясы халықаралық қатынастар жүйесінде дағдарысты тудырды, дүние жүзілік соғыстан кейінгі жылдары қалыптасқан қазіргі заманғы әлемдік тәртіп ауыр сынақтарға ұшырады. Қазіргі халықаралық институттардың осы оқиға барысына әсер ете алмауы бізді жаңа қауіптер мен қиындықтарға төтеп бере алатын болашақ әлемдік тәртіп туралы ойлауға мәжбүр етеді. Сондай-ақ әлемдегі болып жатқан қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуді ұсынатын әлемдік мемлекеттер мен алаңдаушы акторлардың саяси мүдделері мен ұстанымдарын қарастыру басты мәселе.

Кіріспе

Әлемдегі геосаяси өзгерістер мен халықаралық қатынастар акторлары арасындағы қақтығыстар халықаралық қауымдастықты алаңдатуда. Ресей қазіргі таңда Батыс демократиясымен бетпе-бет келген қайшылықтарға қарамастан, халықаралық қатынастардағы ең маңызды ойыншы болып қала береді және қақтығыстың одан әрі өршуіне ықпал ете алады. Украинадағы оқиғалар Ресей мен Батыс елдері арасындағы сенім деңгейінің маңызды көрсеткіші болды. Қазіргі өзгермелі әлемдік жағдайда әлемдік қауымдастық бітімгерлік қызметіндегі белсенділігі қайта қарастырып, әлемдік тәртіптің архитектурасына назар аударуы керек.

Бұл мақаланың мақсаты – қақтығысушы тараптар арасындағы диалог орнату процесінде шешуші рөл атқаруға тырысатын бірқатар елдердің мүмкіндіктерін талдау.

Ғасырлар бойы мемлекеттер халықаралық қатынастардың тұрақты жүйесін дамытуға ұмтылды. Халықаралық қақтығыстардың алдын алу және жалпы бейбітшілікті орнату үшін ұжымдық іс-қимыл қажеттілігі туралы мәселе тіпті ежелгі және орта ғасырлардағы ойшылдармен де талқыланды.

Мемлекеттердің бірлескен әскери іс-қимылдарының тәжірибесін жинақтау және бейбітшілікті сақтау мәселесін саяси-құқықтық түсіну процестері де қатар жүрді. Вена халықаралық қатынастар жүйесі мемлекеттердің статус-квоны сақтау үшін ұжымдық әрекетке жүгіну мүмкіндігін қарастырды. ХІХ ғасырдың ортасында қалыптасқан бітімгершілік тұжырымдаманы теориялық байытуда үлкен рөл атқарған – пацифистік қозғалыстар, сондай-ақ әртүрлі бітімгершілік құрылымдар – Халықаралық бейбітшілік лигасы, Бейбітшіл достар қоғамы және т. б. қауымдастықтар болды [1].

Медиация (делдалдық) және диалог жанжалдарды шешуде, қақтығыстарды реттеудегі ең тиімді және әлемдік қауымдастықпен қабылданған стратегиялық әрекеттер болып табылады. Жанжал тараптары дауды бейтарап үшінші тараптың процедуралық көмегі арқылы өзара келіспеушілікті бейбіт жолмен реттеуге мүмкіндік алады, бұл өз кезегінде әскери күштердің араласуына қарағанда, дауларды шешудің әділ, адам шығынын болдырмайтын демократиялық тәсіл болып табылады.

Жоғарыда айтқанымыздай, бүгінде бітімгерлік іс-әрекеттің тетіктері күрделі қиындықтарға тап болып отыр, Ресей мен Украинаның қазіргі қақтығысын екі елдің қақтығысы ретінде қарастыруға болмайды, ол тіпті гибридті соғыс шеңберінен де шықты деуге болады [2]. Яғни, бүгінде тарихта прецеденті жоқ қақтығыс орын алуда деп айта аламыз. Демек, бүгінде әлем үлкен апаттық жағдайда, себебі бітімгершілік және медиация институттары бұл жағдайды реттеуге қауқарсыз.

Халықаралық-құқықтық саладағы медиативтік практикаларға әртүрлі атаулар бекітілген – «саяси миссиялар», «Shuttle дипломатиясы», «мейірімді қызметтер», «дағдарыстық дипломатия», «превентивті дипломатия» және т.б. Медиацияның негізгі бір түрі - Киссинджер дипломатиясы немесе «shuttle» дипломатиясы. Бұл қарсыластар арасында байланыс арнасын құру мақсатында үшінші тараптың келіссөздерге араласуы. Яғни, үшінші тарап әр қарсыластың

ұстанымымен танысып, мүдделерін нақтылайды. Қарсылас тараптардың позицияларында мәселенің ортақ шешіміне жетелейтін нүктесін анықтайды және келісімге келуге жағдайлар жасайды. Алғашқы және сәтті мысал ретінде 1970 жылдардың аяғында сол кездегі АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер тараптар арасындағы қайшылықтар шешілмейтін болып көрінген Израиль мен араб елдерінің арасындағы соңыс кезіндегі әрекетін келтіруге болады. Нәтижесінде, 1979 жылы Вашингтонда Израиль премьер-министрі Менахем Бегин мен Египет президенті Анвар Садат Вашингтонда Кэмп-Дэвид келісімдері деп аталатын Израиль мен Египет арасындағы бейбітшілік туралы келісімге қол қойылды [3].

Қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу құралдары адамзат тарихының барлық кезеңінде дерлік қолданылған, мәселен, ежелгі Грециядан бастау алып XX ғасырда кеңінен қолданылған. Қазіргі таңда бітімгерлік пен медиация, үшінші тараптардың көмегіне жүгіну қақтығыстарды реттеу мен шешудің ең тиімді құралы болып табылады. Дегенмен, үшінші тарап қақтығысушы тараптарына қаншалықты бейтарап, медиатор қақтығысушы тараптарға қандай шешім ұсына алады, медиатордың іс-әрекетінің тиімділігі оның халықаралық ықпалына қаншалықты байланысты деген бірнеше сұрақтар туындайды.

Украина мәселесі - жаһандық деңгейде халықаралық аренадағы жетекші ойыншылар арасындағы, ең алдымен Ресей мен Батыс арасындағы қақтығыс. Қақтығыстың алғышарттары 1990 жылдардың басында еуропалық және Солтүстік Атлантикалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық архитектурасын құру және дамыту процесіндегі қателіктерден, посткеңестік кеңістік елдерін еуропалық және еуроатлантикалық интеграцияға тартудың жалған параметрлерінен туындайды [4]. Әлемдік аренадағы жетекші ойыншылардың халықаралық құқық нормаларын бұзуы және қос стандарттарды қолдануы (Ирак авантюрасынан Косовоның тәуелсіздігін жариялауға дейін) Батыстың моральдық беделін әлсіретіп, халықаралық құқықты бұзудың бірқатар прецеденттерін құрды. Украина мен Грузияға НАТО-ға кіру жөніндегі іс-қимылдарын қанағаттандырмау Ресей империализміне жол берді, ал Қырымды аннексиялау соңғы екі онжылдықта болған биполярлықтан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесінің түпкілікті жойылуына әкелді [5].

Бұл жағдайда қандай мемлекеттер немесе халықаралық акторлар бітімгерлік немесе медиаторлық қызметті қолға алады? Себебі бұл жағдайда мүмкін деген мемлекеттердің барлығы дерлік геосаяси мүдделері олардың әрекеттерін басқармайды дегенге кім кепіл.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Халықаралық қатынастар теориясында бітімгершілік қақтығыстарды шешу және қақтығысушы тараптар арасында бейбітшілік орнату процесін білдіреді. Бітімгершілік халықаралық қатынастардың маңызды аспектісі болып табылады, өйткені мемлекеттер мен басқа субъектілер арасындағы қақтығыстар айтарлықтай жағымсыз салдарға, соның ішінде адам шығыны, экономикалық залалға және саяси тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін.

Халықаралық қатынастарда бітімгерлікке қатысты бірнеше түрлі теориялық тәсілдер бар. Бірінші тәсіл – ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасына негізделген, оған сәйкес ынтымақтастыққа ықпал ететін және агрессияға жол бермейтін халықаралық институттар мен келісімдер құру арқылы бейбітшілікті сақтауға болады. Екінші тәсіл – дауларды шешуге және өзара қолайлы шешімге қол жеткізуге бағытталған қақтығысушы тараптар арасындағы келіссөздерді қамтитын дипломатия идеясына негізделген. Дипломатия көбінесе бейтарап үшінші тараптар сияқты делдалдар арқылы жүзеге асырылады және сендіру, компрамисқа келу сияқты бірқатар тактикаларды қамтуы мүмкін. Бітімгершілікке үшінші көзқарас қақтығыстағы тараптарды халықаралық нормалар мен келісімдерді сақтауға мәжбүрлеу үшін қолдануға болатын күш қолдануға негізделген. Алайда, күш қолдану әдетте бітімгершілік күш-жігердің соңғы құралы ретінде қарастырылады, өйткені ол қауіпті және күтпеген салдарға әкелуі мүмкін. Тұтастай алғанда, халықаралық қатынастарда бейбітшілік орнату процесі күрделі және жан-жақты және бірқатар дағдыларды, стратегияларды және ресурстарды қажет етеді. Сәтті бітімгершілік қақтығыстың нақты қажеттіліктері мен жағдайларына бейімделген әртүрлі тәсілдердің жиынтығын қамтиды.

Зерттеу әдістемесі халықаралық неореализм мектебі жасаған принциптеріне негізделген, дегенмен бейбітшілік мәселелері көбінесе либералды мектептің дамуымен байланысты. Бұл тәсілдің дұрыстығын біз халықаралық жағдайдың қазіргі шиеленісуі мысалында қандай да бір халықаралық ұйымның бітімгер делдал ретінде әрекет етуі екіталай екенін көреміз, өйткені Украинадағы соғысты тек Киев пен Мәскеудің қақтығысы деп атауға болмайды. Тек мемлекет делдалдық рөл атқара алады, ал бұл мемлекет мораль мен құқық принциптерін басшылыққа алмайды, өзінің геосаяси мақсаттарына негізделетіні түсінікті.

Әрі қарай, біз халықаралық қатынастардағы басқа мектептер тұрғысынан бейбітшілікті қолдау операцияларына көзқарастарды қарастыруға тырысамыз. Екінші жағынан, либералды теоретиктер мемлекеттердің басты акторлар екенін мойындағанымен, халықаралық ұйымдар да мемлекеттер сияқты маңызды халықаралық саясатты қалыптастыратын қатысушылар екенін айтады.

Бұл тұрғыда бітімгершілік қызмет халықаралық ұйымдардың құзыреті шеңберінде қаралады. Бітімгершілік іс-шаралар – бұл қақтығыстарға жауап беру құралдары, олардың мазмұны, құралдары мен мақсаттары уақыт өте келе өзгерді, жақсарды, кеңейіп, тереңдей түсті. Қазіргі уақытта оларға скептикалық көзқарастар бар болса да, бұл әрекеттер қақтығыстарға жауап беру құралы ретінде қолданыла береді және халықаралық саясаттың маңызды тәжірибесі болады.

Саяси ғылымдағы бітімгершілік әдебиеттеріне шолу халықаралық миссиялар мен қақтығыстардың алдын алу операцияларының қызметін зерттейтін Л.Блумфилдтің жұмысынан бастап жеке, мемлекет және халықаралық жүйе деңгейлеріндегі талдауды біріктіретін К. Уолтстің зерттеулеріне дейінгі әртүрлі аспектілерді кеңінен қамтиды. М. Грейг және Р.

Ғ. Дейл бітімгершілік қызметтің тиімділігіне қатысты пессимистік болжамдарды білдіреді, бұл мемлекетаралық қақтығыстарды шешудегі дипломатиялық күш-жігерге кедергі деп санайды [6].

Е. Мин соғыс уақытындағы келіссөздерге қызықты көзқарас ұсынады, оларды соғыс жүргізудің негізгі аспектісі ретінде қарастырады, бұл қарулы қақтығыстардың динамикасын түсіну үшін маңызды екенін баса айтады [7].

Я. Уйлкенфелд медиация дағдарыстардың ұзақтығын қысқартады және тараптардың қанағаттануын арттырады деп атап көрсетсе [8], С. Рахман Украинадағы қақтығыстың экономикалық салдарына назар аударады және экономикалық зардап шеккен тараптардың келіссөздерге қатысуы жағдайды шиеленістен жанжалды шешуге бейімдеуге ықпал етуі мүмкін деп болжайды [9].

Е. Майер және Дж. Маршмайер Украинадағы қақтығыс Батыстың араласуымен және Ресейдің ұлттық мүдделерімен байланысты деген идеяны қолдайды, бұл бейбітшілікке тек соңғысын ескере отырып қол жеткізуге болады деген идеяны алға тартады [10].

Генри Киссинджер Қытайдың экономикалық мүдделері мен әлемдік экономикаға әсеріне сүйене отырып, Киев пен Мәскеу арасындағы делдал ретіндегі рөлін талқылайды.

ЕО пен АҚШ тарапынан қақтығысушы тараптар арасындағы ықтимал келіссөздер туралы талқылаулар мен болжамдар бұл жағдайдың бейбіт шешімін табу жолдарын ұсыну мәселесінің өзектілігін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген жұмыстар Украинадағы қақтығыстарды талдаудың әртүрлі көзқарастары мен тәсілдерін ұсынады, сонымен қатар саяси ғылымдағы бітімгершілік пен халықаралық қақтығыстар мәселелеріне көзқарастардың күрделілігі мен әртүрлілігін көрсетеді.

Талқылау мен нәтижелер

Саяси медиация қақтығыстарды реттеу мен шешудің баламалы сараптамалық-саяси нысанын білдіреді. Саяси медиаторды жанжалдасушы тараптардың элиталық қоғамдастықтары ерікті түрде сайлайды, уәкілетті орган тағайындайды және ол мынандай белгілерге сай болуы керек: бейтараптылық ұстанымдағы тарап болуы керек, қақтығысушы тараптарға ортақ шешімге келуге жағдай жасап, олардың ортақ шешім қабылдауларына қысымдық көрсетпей, тараптар арасында өзара ымыраға келуге көмектесу және бейбіт келісімдерге қол жеткізуге әрекеттер жасауы керек.

Дегенмен, қақтығыстарды шешу шеңберінде жетекші мемлекеттер маңызды рөл атқарады, мысалы, әлемнің белгілі бір бөліктеріндегі қақтығыстарды шешуде көбінесе делдалдық рөлді белгілі бір геосаяси мақсаттары бар жетекші мемлекеттер атқарды, мысалы, Вьетнам соғысында Франция үлкен рөл атқарды, себебі, Францияның ол аймаққа қатысты мүддесі болды. Сол сияқты, бұрынғы метрополиялар бітімгершілік рөлін атқарған Африка континентіндегі көптеген қақтығыстарға қатысты осындай мысалдар келтіруге болады.

Бірақ Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс метрополия мен колонияның қарсыласуы шеңберіне жатпайтын қақтығыс және қақтығысушы тараптарға серіктес бола алатын барлық дерлік елдер өздерінің мүмкіндіктерін сынауда. Минск келісімдері туралы не айтуға болады, ұзақ уақыт бойы Норман төрттігі бейбітшілікке деген үміт болды, бірақ бұрынғы ГФР канцлері айтқанындай, Минск келісімдері Украинаға Ресеймен жаңа соғысқа дайындалуға уақыт беру әрекеті ғана болды [11].

Осылайша, дәстүрлі медиаторлардың барлығы дерлік сенімнен шықты, Франция, АҚШ немесе Ұлыбритания келіссөздерде делдал бола алмайды, өйткені олар қарама-қайшы тараптардың бірінің ұстанымын қолдап отыр. Тіпті Женева да жаңа платформа бола алмайды, өйткені ол Мәскеудің әрекеттерін сынға алды, Мәскеу өз кезегінде Швейцарияның делдалдық рөлде қабылдамайтынын да жариялады.

Германия ұзақ уақыт бойы Ресеймен достық қарым-қатынастағы ел. Ресейдің арзан энергетикалық ресурстарын қолдану – Германия экономикасының маңызды көзі болды. Қазіргі әлемде Германия өзін позитивті халықаралық имиджі бар ел ретінде көрсетуде және әлемдік саясатта шешуші рөл атқаруға белсенді ұмтылуда. Ол Ауғанстан, Косово және Мали сияқты өткір қақтығысты аймақтарындағы операцияларға БҰҰ мандатымен қатысатын бітімгершілік қызметте бай тәжірибеге ие.

Ресеймен қарым-қатынастың нашарлауына қарамастан, Германия Ресей-Украина қақтығысына делдал бола алады. Алайда, бұл қақтығыстың күрделілігі мен қарқындылығы мәселені бір елдің қатысуымен шешуін қиындатады. Крымды аннексиялаудан басталғаннан бері Германия қақтығыстың өршуіне жол бермеуге тырысты, бірақ Ресей мен кейбір Еуропа елдері Берлинді 2013-2014 жылдардағы майданнан кейін Украинадағы жаңа билікті қолдады деп айыптады [12].

Германияның бұл қақтығыстағы ұстанымы олардың экономикалық серіктестігі мен Еуропалық Одақтағы шешуші рөлін ескере отырып, Ресейге әсер етуі мүмкін. 2013-2014 жылдардағы оқиғаларға дейін Берлин мен Мәскеу арасындағы қарым-қатынас жылы болды, бірақ содан кейін ол нашарлады. Германия Қырымды аннексиялауды және Ресейдің Украинаның шығысындағы қақтығысқа қатысуын айыптады, бұл санкциялардың енгізілуіне әкелді.

Украина дағдарысы Германия үшін қолайсыз, өйткені ол аймақтағы тұрақтылыққа қауіп төндіреді және кең қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, ол Германия мен Ресей арасындағы қарым-қатынасты шиеленістіріп, сауда мен инвестицияға әсер етті. Бұрын Меркель Ресеймен келісімге үміттенген және Украина үшін буферлік аймақтың рөлін болжаған.

Ресей мен Германия тығыз байланысты қалпына келтіре алады, бірақ бұл Украинадағы қақтығысты шешудегі прогреске және сындарлы диалогқа дайын болуға байланысты. Германия Ресеймен диалогқа дайын екенін білдіріп, Украинаның халықаралық құқығы мен егемендігін құрметтеу қажеттілігін атап өтті.

Қытай Украина дағдарысы бойынша салыстырмалы түрде бейтарап ұстанымды қолдайды, территориялардың қосылуын мойындамайды және халықаралық құқықпен белгіленген шекаралардың аумақтық тұтастығы мен мызғымастығы қағидаттарын сақтауға шақырады. Алайда, ол Ресейдің іс-әрекетін айыптамады және Мәскеудің іс-әрекетін НАТО-ға қатысты қауіпсіздік мәселелеріне жауап ретінде түсінді.

Қытай БҰҰ-ның бітімгершілік миссияларына белсенді қатысады, бұл оның әлемдік ықпалға және халықаралық қауіпсіздікке қатысуға деген ұмтылысын көрсетеді. Алайда, ол өзінің күрделілігіне және көптеген қатысушы тараптарға байланысты Ресей-Украина қақтығысында делдал бола алмайды.

Қытай мен Ресей арасындағы қатынастар тығыз, аймақтық қауіпсіздік пен экономика саласындағы ынтымақтастыққа негізделген. Алайда, екеуінің арасында ресми альянс құру ықтималдығы төмен, өйткені Қытай халықаралық қатынастарда Тәуелсіздік пен икемділікті сақтауды жөн көреді [13].

Украина қақтығысы аймақтағы экономикалық және саяси мүдделері шектеулі Қытай үшін басымдыққа ие емес. Қытай Ресеймен де, Украинамен де тұрақты қарым-қатынасты сақтауға тырысады және оның мүдделеріне тікелей әсер етпейтін қақтығыстарға араласудан аулақ болады.

Қытайдың БҰҰ-дағы Ресейді айыптайтын қарарды қолдау туралы шешімі оның халықаралық мәселелерде өзінің тәуелсіздігі мен бейтараптығын көрсетуге деген ұмтылысын көрсетуі мүмкін. Алайда оның қақтығысты шешудегі рөлі белгісіз болып қалады.

Осылайша, Ресей мен Украина арасындағы қақтығыста Қытайдың делдал ретіндегі рөлі одан әрі бақылау мен бағалауды қажет ететін мәселе болып қала береді.

Түркия Украина дағдарысы жағдайында маңызды рөл атқаруда және екі елмен стратегиялық мүдделері мен қарым-қатынастарына қарамастан Ресей мен Украина арасындағы медиацияға белсенді қатысуға тырысады [14]. Түркия Украинаның аумақтық тұтастығын қолдайды. Ол ұлттық азшылықтардың құқықтарын белсенді қолдайды, бұл оның Ресейдің әрекеттеріне қарсы ұстанымын көрсетеді. Түркия қазірдің өзінде әртүрлі қақтығыстарда делдалдық тәжірибесі бар мемлекет, бұл оны Ресей мен Украина арасындағы делдал ретінде мүмкіндіктері барын көрсетеді. Түркияның Ресеймен, соның ішінде энергетика және құрылыс салаларымен тығыз экономикалық байланысы бар. Бұл дипломатиялық қайшылықты тудырады, өйткені Түркия Ресейге қарсы халықаралық санкцияларға қосылмаған. Түркия Ресейдің мүдделерімен бәсекелесетін Қара теңіз аймағында және Оңтүстік Кавказда өз рөлін нығайтуға тырысады. Бұл оның делдал ретіндегі ұстанымына және жанжал тараптарына қысым жасау қабілетіне әсер етуі әбден мүмкін. Осылайша, Түркия өзінің дипломатиялық мүмкіндіктері мен тарихи прецеденттерін ескере отырып, Украина дағдарысында маңызды делдал бола алады. Алайда оның әрекеттері ішкі және халықаралық жағдайлармен, соның ішінде Ресейге экономикалық

тәуелділігімен және аймақтағы стратегиялық амбицияларымен анықталатынын ескеру керек.

Қазақстан өз кезегінде Ресей мен Украина қақтығысына алаңдауда. Украинадағы соғыс Ресеймен тығыз саяси, экономикалық және тарихи байланысы бар елдерді қиын міндетке қойды: бір жағынан олар Мәскеумен қарым-қатынасты үзе алмайды; екінші жағынан, олар халықаралық деңгейде рөлін жоғалтқысы келмейді. Осы уақытқа дейін осы теңгерімде айтарлықтай жетістікке жеткен елдер қатарында Қазақстан да бар.

2022 жылдан бастап Астанаға әлемнің түкпір-түкпірінен – Қытай президенті Си Цзиньпиннен бастап, Түркия президенті Режеп Ердоған мен Франция президенті Эммануэль Макронға дейінгі көшбасшылар келді. Қазақстан президенті Қасым Жомарт Тоқаевты Батыста реформатор ретінде санайды және Кремльдің сенімді одақтасы ретінде таныйды. Жақында, 2024 жылдың наурыз айының басында Мәскеу мен Астана екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті жан-жақты нығайтуға мүдделі екенін растады. Астананың орасан зор геосаяси шиеленіс арасында шебер тепе-теңдік орнату қабілеті ақыр соңында делдалдық рөлге әкелуі мүмкін бе?

Қазақстанда Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс екі елмен стратегиялық және экономикалық байланыстарға байланысты ерекше назар аударды. ҰҚШҰ аясындағы Ресейдің әскери одақтасы бола отырып, Қазақстан Мәскеумен айтарлықтай әскери, экономикалық және сауда байланыстарына ие. Қару-жарақтың шамамен 90% - ы, сондай-ақ Ресей жалға алған әскери полигондар мен Байқоңыр ғарыш айлағы екі елдің терең өзара тәуелділігінің көрсеткіші екенін атап өткен жөн.

Соған қарамастан, Қазақстан Украинадағы соғысқа қатысты өзінің тәуелсіз ұстанымын мәлімдеп, қақтығысты дипломатиялық реттеудің маңыздылығын атап өтті және Украинаның аумақтық тұтастығын қолдайды. Айта кету керек, Қазақстан бұл қақтығыстың әлемдік экономикаға әсерін ескере отырып, Ресейге қарсы батыстық санкцияларды сақтауға дайын екендігін де білдірді.

Осылайша, Қазақстан өзінің стратегиялық мүдделері мен халықаралық міндеттемелері арасындағы тепе-теңдікті сақтауды жалғастырып, өңірлік және халықаралық мәселелерде тәуелсіз актор ретіндегі ұстанымын растайды.

Қазақстан Украинадағы қақтығысты реттеу жөніндегі дипломатиялық әрекеттерді белсенді қолдайды. Себебі, Қазақстан үшін өңірде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау маңызды.

Қазақстан өзінің медиаторлық тәжірибесін Алматыдағы Иран ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздер және Сирия қақтығысын реттеу жөніндегі келіссөздердің көптеген раундтары сияқты халықаралық қақтығыстарда сәтті қолданды. Бұл тәжірибе елдің бейбіт шешімдерге қол жеткізуге бағытталған күрделі халықаралық диалогтарды ұйымдастыру қабілетін растайды.

Осылайша, Қазақстан өзінің дипломатиялық тәжірибесі мен бейтарап мәртебесін Украинадағы қақтығысты реттеу жөніндегі халықаралық күш-жігерді, соның ішінде болашақ келіссөздерге қатысуды немесе өз аумағын халықаралық келіссөздер үшін платформа ретінде пайдалануды қолдау үшін

пайдалануға дайын, дегенмен әлемдік қауымдастық және қақтығысушы тараптар бейбіт келісімге келуге және келіссөздер рауындын бастауға әзірше дайын емес.

Қорытынды

Қақтығысты аяқтау мүмкіндіктеріне әртүрлі тәсілдер жатады: қақтығыс объектісін өзгерту, тараптардың бірін жою, тараптардың позицияларын бейімдеу, объектінің сипаттамаларын өзгерту, жаңа немесе қосымша жағдайлар жасау және бітімгершілік күштер арқылы тараптар арасындағы тікелей немесе жанама өзара әрекеттесуге жол бермеу.

Мәскеу мен Киев арасындағы алғашқы келіссөздер Беларусьта соғыстың басында басталды, бірақ Беларусьтың делдал ретіндегі рөлі Ресей агрессиясының платформасы ретіндегі ұстанымын ескере отырып, сәтсіз болды.

Анкарадағы келіссөздер барысында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді, онда тараптар бастапқы түсінікке қол жеткізді. Стамбул келіссөздер раундында Украина Ресейдің кепілдіктері үшін бейтарап мәртебені қарастыруға дайын болды. Киевтің ұсыныстарына жауап бере отырып, Мәскеу белгілі бір бағыттардағы әскери белсенділікті қысқартты, бірақ одан әрі оқиғалар бейбіт келіссөздер белгілі бір күштермен қолдау таппағанын және Ресей әскерлерінің Киевтің маңынан шығарылуы әлсіздік ретінде қабылданғанын көрсетті.

Бейбіт келіссөздердің сәтсіздігіне қарамастан, Түркия өзінің стратегиялық жағдайын пайдаланып, «астық мәмілесіне» қол қоюға және орындауға қол жеткізді. Нәтижесінде, дәстүрлі әлемдік институттар Украина төңірегіндегі қақтығыстарды шешуге айтарлықтай әсер етпеді деген қорытынды жасауға болады.

Ресей экономикасына зиян келтіргеніне қарамастан, санкция саясаты да өз мақсатына жете алмады. Осы уақытта жаңа ойыншылар, соның ішінде Түркия, делдалдық пен дипломатияда негізгі позицияларды ала бастайды, бұл олардың аймақтағы ықпалының артуын көрсетеді.

Қазіргі таңда орын алып жатқан келіссөздер де белгілі бір нәтиже көрсетеді деп айту қиын. Себебі қақтығысушы тараптардың қатысуынсыз соғыс жағдайы талқылануда. Бұл форматтағы келіссөздер мен кездесулер Ресей тарапынан қолдау таппай отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Семенов В.С. Вооруженные силы ООН (практика применения). – М,1976. - С. 14.

[2] Лавров С. Война с Западом, которая идет на Украине, не гибридная, а настоящая. <https://eadaily.com/ru/news/2023/01/23/voyna-s-zapadom-kotoraya-idet-na-ukraine-ne-gibridnaya-a-nastoyashchaya-lavrov>

[3] Naghmi S. H. Kissinger's Middle East peace plan: a look back. // Strategic Studies. – 1980. - № 3(3). – P. 116–123.

[4] Шаймарданова З.Д. Трансформация подходов к обеспечению безопасности // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана, серия «Международные отношения и регионоведение». - 2018. - № 4.- С.7-13.

- [5] Сарыбаев М.С., Малбаков Д.М. Некоторые аспекты влияния украинского кризиса для стран Центральной Азии // Вестник КазНУ «Серия Философия, культурология, политология». – 2016. - № 2(56). – С. 325-329.
- [6] Greig J.M., Diehl P. F. The Peacekeeping – Peacemaking Dilemma // International Studies Quarterly. – 2005.- Volume 49. - Issue 4. – P. 621–64.
- [7] Min E. Talking While Fighting: Understanding the Role of Wartime Negotiation // International Organization. - 2020. - № 74(3). – P. 610-632.
- [8] Wilkenfeld J., Young K., Asal V., Quinn D. Mediating International Crises: Cross-National and Experimental Perspectives // Journal of Conflict Resolution. - 2003. - № 47(3). – P. 279–301.
- [9] Rahman S. Applying different modes of alternate dispute resolution to conflict situations: a case study of Russia-Ukraine war // Pakistan Journal of International Affairs. - 2022. - № 5. – P. 10-21.
- [10] Meyer E. Western Philosophers, the Russia-Ukraine War, and Nuclear Holocaust. – 2023
- [11] Taranenکو A. Positive peace for Russia-Ukraine war analysis // Politology bulletin. – 2022 - № 89. – P. 147-159.
- [12] Kudriachenko A. Russian-Ukrainian war: changes in the attitude of the German government and civil society // Diplomatic Ukraine. – 2023. - № 75. – P. 12-25.
- [13] Habro I. The position and actions of the People’s Republic of China regarding the Russian-Ukrainian war // Acta de Historia & Politica: Saeculum. – 2023. - № 6. – P. 7-14.
- [14] Nate S., Colibășanu A., Stavvytskyy A., Kharlamova, G. Impact of the Russo-Ukrainian war on Black Sea trade: Geoeconomic challenges // Economics and Sociology. - 2024. - № 17(1). – P. 256-279.

REFERENCES

- [1] Semenov B.C. Vooruzhennyye sily OON (praktika primenenija) [The UN Armed Forces (application practice)], M, 1976, s. 14 [in Russ.].
- [2] Lavrov S. Vojna s Zapadom, kotoraja idet na Ukraine, ne gibridnaja, a nastojashhaja [The war with the West that is going on in Ukraine is not a hybrid, but a real one], <https://eadaily.com/ru/news/2023/01/23/voyna-s-zapadom-kotoraya-idet-na-ukraine-ne-gibridnaya-a-nastoyashchaya-lavrov> [in Russ.].
- [3] Naghmi S. H. Kissinger’s Middle East peace plan: a look back // Strategic Studies. – 1980. - № 3(3). – P. 116–123.
- [4] Shaimardanova Z.D. Transformatsiya podkhodov k obespecheniyu bezopasnosti [Transforming approaches to security] // Izvestiya KazUMOiMYa imeni Ablai khana, seriya “Mezhdunarodnyye otnosheniya i regionovedeniye” [International Relations and Regional Studies], 2018, № 4, s.7-13 [in Russ.].
- [5] Sarybaev M.S., Malbakov D.M. Nekotorye aspekty vlijaniya ukrinskogo krizisa dlja stran Central’noj Azii [Some aspects of the influence of the Ukrainian crisis for the countries of Central Asia] // Vestnik KazNU. Serija Filosofija, kul’turologija, politologija, 2016, № 2(56), . s. 325-329 [in Russ.].
- [6] Greig J.M., Diehl P. F. The Peacekeeping – Peacemaking Dilemma // International Studies Quarterly, 2005, Volume 49, Issue 4, P. 621–64.
- [7] Min E. Talking While Fighting: Understanding the Role of Wartime Negotiation // International Organization, 2020, № 74(3), P. 610-632.
- [8] Wilkenfeld J., Young K., Asal V., Quinn D. Mediating International Crises: Cross-National and Experimental Perspectives // Journal of Conflict Resolution, 2003, № 47(3), P. 279–301.

[9] Rahman S. Applying different modes of alternate dispute resolution to conflict situations: a case study of Russia-Ukraine war // Pakistan Journal of International Affairs, 2022, № 5, P. 10-21.

[10] Meyer E. Western Philosophers, the Russia-Ukraine War, and Nuclear Holocaust, 2023.

[11] Taranenko A. Positive peace for Russia-Ukraine war analysis // Politology bulletin, 2022, № 89, P. 147-159.

[12] Kudriachenko A. Russian-Ukrainian war: changes in the attitude of the German government and civil society // Diplomatic Ukraine, 2023, № 75, P. 12-25.

[13] Habro I. The position and actions of the People's Republic of China regarding the Russian-Ukrainian war // Acta de Historia & Politica: Saeculum, 2023, № 6, P. 7-14.

[14] Nate S., Colibășanu A., Stavvytskyy A., Kharlamova, G. Impact of the Russo-Ukrainian war on Black Sea trade: Geoeconomic challenges // Economics and Sociology, 2024, № 17(1), P. 256-279.

РУССКО-УКРАИНСКАЯ ВОЙНА: ВОЗМОЖНОСТИ МЕДИАЦИИ И РИСКИ

* Райымбекова А. А.¹

¹ Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан
e-mail: rayymbekova.a@ablaikhan.kz

Аннотация. Вопросы медиативной деятельности в урегулировании международных конфликтов являются актуальной проблемой современной мировой политики. Многие международные споры и конфликты разрешались мирными соглашениями, не переросшими в кровавые сценарии благодаря миротворческой деятельности и посредничеству. Но сложность происходящих в мире современных конфликтов и частое нарушение общепринятых норм международного права определяют необходимость пересмотра механизмов посреднической деятельности.

В данной статье автор пытается рассмотреть моделирование сценариев участия стран, претендующих на роль медиатора в урегулировании ситуации в Украине. Вопрос установления мира в Украине сложен, так как все нормы медиации расходовали свои ресурсы, хотя есть ряд стран, которые могут повлиять на ситуацию. Основной целью статьи является рассмотрение возможностей и интересов ряда стран, пытающихся сыграть ключевую роль в процессе установления диалога между конфликтующими сторонами. Кроме того, исследование, представленное в статье, направлено на международное примирение в контексте современных вызовов и меняющейся глобальной динамики. В работе рассматриваются различные аспекты и подходы к миротворчеству на основе исторических данных и современных реалий международных отношений.

Ключевые слова: медиация, переговоры, война, Украина, Россия, международное сообщество, международные отношения, Казахстан

RUSSIAN-UKRAINIAN WAR: MEDIATION OPPORTUNITIES AND RISKS

* Raiymbekova A. A.¹

¹ Kazakh Ablai Khan University of International Relations
and World Languages, Almaty, Kazakhstan
e-mail: rayymbekova.a@ablaikhan.kz

Abstract. The problems of mediation activity in the settlement of international conflicts are a actual problem of modern world politics. Many international disputes and conflicts, thanks to peacekeeping activities and mediation, were resolved by agreements, without turning into bloody scenarios. But the complexity of the current conflicts in the world and frequent violations of generally accepted norms of international law determine the need to rethink the mechanisms of mediation activity.

In this article, the author tries to consider modeling scenarios for the participation of countries applying for the role of mediators in the settlement of the situation in Ukraine. The issue of establishing peace in Ukraine is complex, because all the norms of mediation have spent their resources, although there are a number of countries that can influence the situation. The main purpose of the article is to consider the possibilities and interests of a number of countries that seek to play a decisive role in the process of establishing a dialogue between the conflicting parties. Also, the study presented in the article focuses on international peacekeeping in the context of modern challenges and changing global dynamics. The work examines various aspects and approaches to peacekeeping based on historical data and modern realities of international relations.

Keywords: mediation, negotiations, war, Ukraine, Russia, international community, international relations, Kazakhstan

Статья поступила 05.04.2024